

**«Шығыс Қазақстан облысының кәсіптік
білім беру орталығы» КММ**

**Кейс психолог тәжірибесін жетілдіру
құралы ретінде әдістемелік ұсынымдар**

Габдуллина А.Б

Өскемен, 2022

Кейс психолог тәжірибесін жетілдіру құралы ретінде әдістемелік ұсынымдар Шығыс Қазақстан облысы техникалық және кәсіптік білім беру expertтік кеңесінің отырысында мақұлданды.

Габдуллина А.Б.

Кейс психолог тәжірибесін жетілдіру құралы ретінде әдістемелік ұсынымдар – Өскемен қаласы, Шығыс Қазақстан облысының кәсіптік білім беру орталығы, 2022 ж.

Ұсынылып отырған әдістемелік құрал педагог-психолог тәжірибесін жетілдіруге бағытталған. Әдістемелік құралда психологиялық кеңес беру, кейстерді зерделеу арқылы тәжірибе алмасу мәселесі қамтылған. «Кейс дегеніміз не?» деген сұраққа жауап және психолог тәжірибесінде басшылыққа алынатын теориялық мәліметтерден шағын дәрістік ақпараттар кіріктірілді.

Жас педагог-психологтер психологиялық кеңес беруде кеңеске жүгінушінің психологиялық көмекке жүгінуінің негізгі қажеттілігі мен сұранысты кім бергендігін анықтауға басымдық берілген.

Психологиялық кеңес беру процесі психологтің психологиялық проблеманы анықтап, оны әрі қарай талқылау мен шешу жолдарын табуға қолдау көрсетуге бағытталады.

Тәжірибеде орын алып жатқан психологиялық пробелемаларды шешу жолдарына бағытталған жаттығулар мен техникалар қосымша материал ретінде ұсынылған.

Әдістемелік құралда жас маман тәжірибесінде кездесетін қиындықтарды шешуде кейс жинақтары әдістемелік көмек болары сөзсіз.

Кейс жинағы бұл психолог маманның шынайы тәжірибесінен алынған психологиялық проблемаларды кәсіби тұрғыдан шешудің мүмкіндігі іріктелген.

Бұл маманға басқаның тәжірибесін зерделеп, оны өз тәжірибесінде бейімдеп қолдануға мүмкіндік береді.

Оглавление

Кіріспе.....	4
1. Кейс туралы түсінік	8
1.1 Кейс түлері мен оларға қойылатын талаптар	13
1.2 Кейстерді тәжірибеде қолдану.....	18
1.3 Сұрақ қою техникасын қолдану	20
2. Психолог қызметі тәжірибесі кейстер жинағы	23
3 Психолог қызметінде қолданылатын техникалар.....	49
3.1.Түстер медитациясы «Сары түсті раушангүл» жаттығуы	49
3.2.«Мүсін» жаттығуы	50
3.3.Нейрографикалық символизм.....	54
3.4.«Жарық құмыра» техникасы.....	58
3.5.Жаттығу: «Бақыт Мандаласы».....	62
3.6.Суық сорпа» жаттығуы.....	68
3.7. «Басқаша айтқанда» жаттығуы	71
3.8.«Позитивті ойлаудағы бес қадам» жаттығуы.....	74
Қорытынды	78
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	80

Кіріспе

Ұсынылып отырған әдістемелік құрал педагог-психолог тәжірибесін жетілдіруге бағытталған. Әдістемелік құралда психологиялық кеңес беру, кейстерді зерделеу арқылы тәжірибе алмасу мәселесі қамтылған.

Психолог мамандығы қоғамда сұранысқа ие және танымал болғанымен де психолог тәжірибесінде көптеген кәсіби қиындықтар кездеседі. Әсіресе жас мамандар тәжірибеде психологиялық кеңес беруде біршама қиындықтармен бетпе-бет келеді.

Психологиялық кеңес беру мектеп психологінің негізгі бағыттарының бірі. Әсіресе жас педагог-психологтер психологиялық кеңес беруде кеңеске жүгінушінің психологиялық көмекке жүгінуінің негізгі қажеттілігі мен сұранысты анықтауында тәжірибенің жеткіліксіздігі тәжірибедегі бірқатар қиындықтардың туындауына негіз болады.

Жалпы психологтер тәжірибесіндегі кездесетін қиындықтарды зерделеуде, біз ең алдымен психологиялық кеңес беру психологиялық

кеңеске жүгінушінің психологиялық проблемасының мәнін анықтап, оны тиімді шешуге психологиялық қолдау көрсетуге бағытталған психолог пен психологиялық кеңеске жүгінуші арасындағы кәсіби әрекеттестік деген тұжырымға сүйендік. Сондықтан да психологиялық кеңес беру процесі психологтің психологиялық проблеманы анықтау, оны әрі қарай талқылау мен шешу жолдарын табуға қолдау көрсетуге бағытталады. Психолог маманға психологиялық проблеманы анықтау мен оны шешу жолдарын табуға қолдау көрсетіп, бағыт бағдар беру үшін кәсіптік этиканы сақтаумен қатар, кәсіптік және өмірлік тәжірибе қажет.

Мектеп психологінің тәжірибесінде жас маман ретінде келесідей кәсіптік қиындықтар кездеседі:

- психологиялық проблеманың мәнін анықтауда, мысалы, психологиялық кеңес беруде жұмыс істеуді қажет ететін проблеманы сауатты түйіндеуде, ақпараттың жеткіліксіздігін түсінуде, проблеманың себептерін анықтау үшін қойылатын сұрақтарды қою, т.б.;

- психологиялық проблеманың мәнін кеңеске жүгінушімен бірлесіп талқылау негізінде оның себебін және әрі қарай шешу үшін шешім қабылдауға қолдау көрсетуде кездесетін кәсіби қиындықтар;

- психологиялық кеңес беру ісіне мектеп оқушыларын тарту және оларды өздерін толғандырған проблемалар шеңберінде ашық, сенім білдіріп сөйлесуін белсендіру;

- мектеп оқушысының психологиялық проблемасын шешуде тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана алмаудан туындайтын кәсіби қиындықтар.

Мектеп психологі тәжірибесінде кездесетін қиындықтарды осылайша жалғастырып айта беруге болады. Аталған қиындықтарды туындаудың басты себептері келесідей: жоғары оқу орнында теориялық білімнің жеткілікті деңгейде меңгерілмеуі; теориялық білім мен практика арасындағы сабақтастықты өз деңгейінде жете түсінбеу; өмірлік және кәсіптік тәжірибенің жеткіліксіздігі; кеңес берушінің кәсіби рөлі мен ұстанымын кәсіби деңгейде жете түйсінбеу; психологиялық қолайлы және сенімді атмосфераны құру білігінің жеткіліксіздігі; психологиялық

кеңеске жүгінушімен диалог жүргізуде түрлі техникалар мен тәсілдерді қолдануды жете меңгермеу, т.б.

Әдістемелік құралда жас маман тәжірибесінде кездесетін қиындықтарды шешуде кейс жинақтары әдістемелік көмек болары сөзсіз.

Кейс жинағы бұл психолог маманның шынайы тәжірибесінен алынған психологиялық проблемаларды кәсіби тұрғыдан шешудің мүмкіндігі іріктелген. Бұл маманға басқаның тәжірибесін зерделеп, оны өз тәжірибесінде бейімдеп қолдануға мүмкіндік береді.

1. Кейс туралы түсінік

Кейс – ағылшын тілінен алғанда (*case — случай*)– жағдай дегенді білдіреді, шынайы өмірде болған жағдайларда қалыптасқан жайтты егжей-тегжейлі баяндау болып табылады. Кейс нақты фактілерге сүйене отырып, өткен оқиғалар мен жағдайлар туралы баяндалатын тарих, әрі белгілі бір мақсаттарға арнайы жазылады. Ол жағдайға талдау жүргізуді, негізделген шешімдерді әзірлеу мен қабылдауды талап ететін нақты проблеманы сипаттайды. Кейстер маманға басқа да жағдаяттарды талдап, оның шешу жолдарына мән беріп, өз тәжірибесін жетілдіруге негіз болады.

Кейс-әдіс ретінде тәжірибеде «case study» деп қолданысқа енген, яғни шынайы жағдайлардың сипаттамасын қолданып оқыту техникасы дегенді білдіреді. Жалпы кейстерді оқытудың бір әдісі ретінде қолданудың басты ерекшелігі білім алушы кейсте жазылған шынайы жағдайды талдап, оның мәнін түсініп, шешу жолдарын табумен байланысты. Демек, кейс-әдісі проблеманы тәжірибеде шынайы шешудің мүмкіндіктеріне негізделген. Кейстер арқылы белгілі білім қоры негізінде білім алушы жекеден жалпыға қарай

қадам басады. Кейстер негізінде білім алушылар проблеманы зерттеу, талдау және шешім қабылдауды ғана меңгеріп қоймай, өз тәжірибесін жетілдіреді.

Кейс әдіс ретінде XX ғасырдың басында медицина мен құқық саласында қолданылады бастады. Алғаш рет кейс – әдіс ретінде 1924 жылы Гарвардтың бизнес мектебінде қолданылды.

2000 жылдардың басында кейстер ғылыми-жаратылыстану мен техникалық пәндерді оқыту тәжірибесінде кеңінен қолданылды.

Ал қазіргі таңда кейстер педагогикада кеңінен қолданысқа енді!!

Жалпы, кейс - әдіс ретінде нақты бір білімді меңгертуге емес, проблеманы шешу, сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруға және кәсіби тәжірибені жетілдіруге бағытталады.



Сурет 1 – Кейс-әдіс ретінде қолданылуы.

Кейспен жұмыс істеу барысында нақты бір жағдайды зерттеп, оның мәнін ашып, шешудің мүмкін жолдарын ұсынылады және ұсынылған шешімдер арасынан тиімдісі таңдалады. Сонда ғана кейс тәжірибені жетілдіруге ықпал етеді.

Кейстер тәжірибеде жиі кездесетін немесе шешімі күрделі, кейде тіпті әлі шешімі толық табылған проблемалардан тұруы мүмкін. Кейстердің негізгі міндеті тәжірибедегі қиындықтарды шешудің балама жолдарын көрсету арқылы, маманның проблеманы көріп, оны шешудің тиімді жолын таңдау алу қабілетін, шығармашылығы мен сыни ойлауын дамыту болып

табылады. Сонымен қатар кейстер нақты бір проблеманы шешу әдістерінің балама нұсқаларының жиынтығы. Кейстер маман бойында жағдайды талдап, шешім қабылдап, оны өз тәжірибесінде қолдану дағдысын және теория мен практика арасындағы сабақтастықтыру білігін қалыптастырады.

Маман тәжірибесінде кейс келесідей мәнге ие:

Біріншіден, кейс – жағдайды талдау, проблеманы шешу жолдарын жоспарлау, шешім қабылдау білігін дамытуға оң ықпал ететін ақпараттық кешен.

Екіншіден, нақты оқиғаларды талқылау арқылы академиялық теорияны тәжірибеде қолдануға үйретуге, кәсіби-маңызды ақпаратты талдау дағдысын дамытуға ықпал етеді.

Үшіншіден, кейс аналитикалық, шығармашылық, әлеуметтік, кәсіби дағдыларды дамытуға, академиялық білімді тәжірибемен байланыстыра білуді меңгертуге негіз болады.

Демек, кейстер маман тәжірибесінде келесідей кәсіби қасиеттерді дамыту мен қалыптастыруға бағытталады:

- Шешім қабылдау қабілеті;
- Оқып үйрену дағдысын дамытады;
- Жүйелі ойлау;
- Өз бетінше әрекет ету мен бастамашылдық;
- Тәжірибеге бағдарлану;
- Проблемаға бағдарлану;
- Ақпаратпен жұмыс істеу білігі;
- Табандылық және мақсаттылық;
- Коммуникативтілік қабілеттер;
- Сыни ойлау;
- Сындарлылық; т.б.

Жалпы ойымызды түйіндей келе, кейс проблеманы шешу жолдарын өз тәжірибеде қолдануға үйрену, проблеманы шешудің балама әдістерін өзара салыстырып, тиімдісін таңдау, жалпы проблеманы шешу туралы басқа әріптестердің тәжірибесін өз тәжірибесінде қолдану арқылы тәжірибе алмасу.

1.1 Кейс түлері мен оларға қойылатын талаптар

Кейстер шынайы және ойдан шығарылған жағдайларға жағдайларға негізделеді. Тәжірибеде кейстердің атқаратын қызметтеріне байланысты, көлеміне, құрылымына, пәндік саласына байланысты әртүрлі болып бөлінеді.

Кейстерді **құрылымына** қарай: құрылымдалған, құрылымдалмаған; көлемі бойынша: толық, ықшамдалған және шағын кейстер болып бөлінеді.

Құрылымдалған кейс — кейсте жағдайға қатысты нақты мәліметтер мен деректер қысқаша және дәл баяндалған. Мұндай кестерде бірнеше шешу жолы беріледі. Құрылымдалған кейстер көп жағдай оқу пәні бойынша білім алушының теориялық білімі мен білігін бағалауға немесе нақты бір техниканы қолдану дағдысын бағалауға бағытталады.

Құрылымдалмаған кейс деректердің көптігімен ерекшеленеді. Мұндай кейстерде маманның немесе білім алушының ойлау стилі мен қарқынын, жағдайдан негізгі және қосалқы

ақпаратты бөліп алу дағдысын, белгілі бір мәселені шешу қабілетін бағалауға бағытталады. Кейсте берілген жауаптардың ішінен тиімдісін таңдау немесе стандартты емес жауап нұсқасын ұсыну мүмкіндігі беріледі.

Толық кейс. Әдетте мұндай кейстер шамамен 20-25 беттен тұрады. Толық кейстер белгілі бір уақыт аралығында командалық жұмыс істеуге негізделеді. Команадалық жұмыс нәтижесінде проблеманы шешудің ортақ шешімі мен оны жүзеге асыру алгоритміне негізделген таныстырылым немесе есеп болуы мүмкін. Бұл көпшілік жағдайда оқу пәндеріндег теория мен практиканың сабақтастығын жүзеге асыруда, үлкен компаниялар проблеманы шешу үшін бірнеше шешім нұсқаларынан тиімдісін анықтау үшін қолданылады.

Ықшамдалған кейс. Көлемі 3-5 бетті құрайды. Нақты бір жағдайды шешу жолын талқылау үшін әзірленеді. Ықшамдалған кейстерді топпен немесе әріптестермен бірлесіп талқылап, проблеманы шешу жолдарын анықтау бойынша тәжірибе алмасуда қолдануға болады.

Шағын кейс. 1-2 бет көлемінде әзірленеді. Шағын кейстерде проблема ықшамдалып жазылады және кейстегі жағдайды шешуге негіз болатын ойландырушы сұрақтар қойылады, сұрақтарға жауап бере отырып, маман немесе білім алушы проблеманы талдап, оны шешу жолын өздігінен ұсына алады.

Кез келген кейс бір жағдай туралы жазылған әңгіме жинағы емес, бұл ең алдымен оқу материалы болып табылады. Сондықтан да кейстерге қойылатын жалпы талаптар бар: нақты бір аудиторияға бағдарлануы; кейсте жазылған жағдайдың түсінікті болуы; шынайылық, жазылған жағдайдың проблемалық сипатының болуы, тәжірибеге негізделіп, сипатталған жағдайдың уақытқа сәйкестігі; қажетті ақпараттың жеткіліктілігі.

Кейстердің нақты бір аудиторияға бағытталуы. Кесте сипатталған жағдай кейсті шешетін маманның немесе білім алушының біліміне, жасына, тәжірибесіне негізделуі тиіс. Демек, кейс нақты бір аудиторияға, белгілі бір қызмет шеңберіндегі маманға арналып жазылуы тиіс.

Кейстің түсініктілігі. Кейсте жазылған жағдай нақты мақсатқа бағытталуы және мағыналы, нақты бір мәні болуы тиіс. Кейстегі жағдайдың сипатталу тілі де, қандай проблеманы шешуге негізделгендігі де түсінікті болып, маман тәжірибесінде күнделікті проблеманы шешудің мүмкіндіктерін көрсетумен қатар, осындай мәселелерді шешудің басқа ықрларын қарап, өз тәжірибесіне сыни көзбен қарау болатындай мүмкіндік тудыруы керек.

Шынайылық. Кейсте жазылған жағдай автордың, оның кейіпкерлерінің есімі көрсетілмегенде, шынайы өмірден алынған болуы тиіс. Кейс құрастырушы автор кейсті жазу барысында ел арасында жүрген қауесет сөзге негізделген әңгіме немесе аңыз түрінде болмауы керек. Белгілі бір маманның тәжірибесінде болған жағдай мен оны шешу жолдарын қамтитындай болуы керек.

Проблемалық сипаттың болуы. Кейс негізінде маман ақпаратты өңдеп, сипатталған проблеманы өзбетіше талдап, шешу жолдарын іздеу үшін жазылған ситуациядан нақты проблема көрініс табуы керек. Кейсте сипатталған жағдай

маманның проблема шеңберінде идеялар тудырып, ізденуін ынталандырып, білімін өзектендіріп, тәжірибесін шыңдауға бағытталып құрылымдалады.

Ақпараттың жеткіліктілігі. Кейсте негізгі және қосалқы ақпарат жеткілікті болғанда ғана оны талдау мен шешу жолын ұсынуға болады. Кейсте берілген ақпарат талас тудырмайтын және екіұшты болмауы тиіс.

Кейсте сипатталатын жағдайдың ішкі және сыртқы жағын білу маңызды. Жағдайдың сыртқы жағы – бұл орын алған жағдайдың өзі болса, ішкі жағы – субъектінің болып жатқан жағдайға қатынасы және оны қабылдауы болып табылады. Жағдайдың сыртқы жағын анықтау Кім?, Не?, Қашан? Қалай? Қанша уақыттан бері? Қалай болғанын қалап едіңіз? Т.б. сұрақтар қойылады. Ал жағдайдың ішкі жағын анықтауда Сіз не сезіндіңіз? Бұл жағдайға басқалар өздерін қалай сезінді? Басқалар өздерін қалай сезінгенін қаладыңыз? Сұрақтар қойылады.

Көпшілік жағдайда кейспен жұмыс барысында жағдайдың сыртқы жағын анықтауға арналған сұрақтар қойылады.

1.2 Кейстерді тәжірибеде қолдану

Кейстер белгілі бір пән шеңберінде оқыту құралы ретінде қолдануға болады және кейспен жұмыс істеудің әртүрлі әдістерін қолдануға болады. Олар: модельдеу, ой шақыру, проблемалық, сипаттау, ойын және пікірталас, т.б.

Кейстермен жұмыс істеуде модельдеу әдісін қолдану. Кейсте сипатталған жағдайдың моделін құру. Жүйелі ойлау, талдау, проблеманы тану және оны шешу жолдарын ұсыну тәсілдері қолданылуы ықтимал.

Ой шақыру. Кейс арқылы білімді өзектендіру, жаңғырту, сынап көру арқылы жүзеге асырылады.

Проблемалық әдіс. Кейстер белгілі бір проблемаға бағдарланып, оны шешудің жолын көрсетеді.

Кейспен жұмыс істеуде қай әдіс белгілі бір нәтижеге қол жеткізу көзделеді. Кейспен жұмыс келесідей нәтижелерге бағытталады: мәселені терең зерделеу немесе жаңа ақпаратты түсіну; мәліметтер жинақтау; деректерді өңдеу;

проблеманы шешудің жаңа тәсілдерін іздестіру;
маманның кәсіби құзыреттілігін арттыру;
теориялық және практикалық білімді сабақтастыру.

Кейстерді тәжірибеде қолдану әр мамандықтың ерекшелігіне байланысты **Психолог маман қызметінде кейс бойынша жұмыс істеудің алгоритмі:**

- 1.Нақты проблеманы және психологиялық сұранысты анықтау, мысалы, проблема тұлғалық, мінез-құлықтық, эмоционалдық, оқу мен қарым-қатынасқа байланысты болуы мүмкін. Осы тұста психологиялық сұраныс кімнің тарапынан екендігінде нақты білу маңызды.
- 2.Болған проблеманың немесе жағдаяттың себеп-салдарын туралы болжам жасау;
- 3.Психологиялық диагностика немесе психологиялық кеңес берудің, қолдау көрсетудің, яғни бір сөзбен айтқан жұмыс жүргізу бағытын белгілеу;
- 4.Жас ерекшелігін ескере отырып, осы бағыттарға сәйкес келетін әдістерді іріктеу;
- 5.Таңдаған әр әдістің негізгі мақсатын негіздеу;

6.Диагностика нәтижесі бойынша әрі қарай психологиялық қолдау көрсету мен кеңес беруді жоспарлау, оны жүзеге асыру;

7.Психологиялық қолдау көрсету мен кеңес беру соңында жеткен нәтиженің тиімділігін, психологиялық кеңес беруші үшін қаншалықты тиімді әрі оның сұранысын қаншалықты қанағаттандырылғандығын талдап, өзіндік рефлексия жасау.

1.3 Сұрақ қою техникасын қолдану

Сұрақ қою техникасы - бұл психолог маман үшін бір нәрсе туралы айтуға шақыру, қызықтыратын ақпаратты жинақтау, кеңес алушының тәжірибесін нақтылау немесе зерттеу құралы болып табылады. Психологиялық кеңес беруде ашық, жабық, балама сұрақтар, сондай-ақ сұраусыз және аралас формалар қолданылады.

Жабық сұрақ – бұл кеңес алушы айтқан немесе кеңес беруші болжаған, оған тек қысқа жауап беруге болатын нысанда ұсынылған нақты фактілерді анықтауға немесе нақтылауға негіз

болады. Көбінесе мұндай сұрақтар «иә» немесе «жоқ» деп жауап беруді көздейді.

Ашық сұрақ кеңес алушының назарын өз тәжірибесінің белгілі бір аспектісіне шоғырландыруға, сұхбаттасудың белгілі бір бөлігіне бағыт беруге мүмкіндік береді. Ол қалыптасқан жағдайға өз көзқарасын білдіруге шақырады, зерттеу бағытын көрсетеді, алайда осы бағыт шеңберінде кеңес алушыға толық еркіндік беріледі. Ашық сұрақтар көбінесе «не», «неге», «қалай» деген сұраулы сөздерден басталады және ақпарат жинау үшін қызмет етеді. Мұндай сұрақтар кеңес алушыдан толық жауапты талап етеді, оларға «иә» немесе «жоқ» деп қысқа қайырып жауап беру қиын.

Қысқа сұрақ – психологиялық кеңес беруде психолог маманға кеңес алушының әңгімесіне ықпал етуге, әңгіме желісін басқа бағытқа бұруға, немесе кейбір айтылған ойды нақтылауға, ойдың астарын түсіндіру үшін жүгінуге мүмкіндік беретін ең үнемді әдіс (Малкина-Пых И.Г., 2004). Қысқа сұрақтар кеңес алушының ойын әрі қарай жалғастыру, жүйелеу, айтылып жатқан пікірді түйіндеу үшін маңызды. Мысалы, «Сонымен?», «Неліктен?», «Қандай мақсатпен?» сияқты

жетелеуші сөздер кеңес алушының әңгімесіне оңай кірігіп, оның ағымын бағыттайды.

Балама сұрақтар екі немесе одан да көп жауап нұсқаларын қамтиды. Балама сұрақтарды кейде таңдаусыз таңдау деп те атайды. Себебі балама сұрақтар «немесе» қосымшасы арқылы бөлінген жауап нұсқаларының бірін таңдауды ұсынатын сұрақ түрі. Балама сұрақтарды зерттеу техникасы ретінде де қолдануға болады. Зерттеу техникасы ретінде балама сұрақтарды қолданатын болсаңыз, ол қойылатын сұраққа барлық мүмкін баламаларды енгізгеніңізге сенімді болған жағдайда ғана тиімді болады (Трунов Д.Г., 2013).

Дұрыс құрылған сұрақтар тізбегінің көмегімен кеңес беруші психолог маман кеңес алушының проблемалы жағдайды қалай қабылдайтыны мен оған эмоционалдық қатынасын, проблемаға қатысты деректерді, кеңес алушының өзі түйсінбейтін тұстарын анықтайды. Сұрақ қою арқылы оны шешуге жетелейтін ой туындауына ықпал етуге болады. Әрине, бұл өз кезегінде маманның тәжірибесі мен шеберлігіне байланысты.

Проблемалық жағдайды айқындау – бұл кеңес алушының айтқан пікірінің когнитивті мазмұнының мәніне оралу (әдетте, барынша қысқа және анық түрде). Айқындау психологтің кеңес

алушы хабарлаған деректерін салыстыруды қамтиды, сондықтан айқындау процесін қабылдауды салыстыру деп те атауға болады. Айқындаудың мақсаты кеңес алушының өзінің ішкі дүниесін, сондай-ақ сыртқы әлеммен өзара іс-қимылын айқын түсінуіне мүмкіндік беру болып табылады (Малкина-Пых И.Г., 2004).

2. Психолог қызметі тәжірибесі кейстер жинағы

Кейс 1: «Бала мен ата-ана қарым-қатынасы».

Проблема/жағдай: Психолог маманға 14 жастағы баланың анасы шағымданды. Ол баласының компьютерлік ойындарға тәуелді екендігін және компьютерде ұзақ отырмауын ескерткен анасына дөрекі жауап қайтаратындығын айтты. Жалпы анасы баласының соңғы уақытта ашуланшақтығын, тосын мінездерінің бар екендігіне алаңдайтындығын және бір жаман нәрсеге ұрынуынан қорқатындығына айтты.

Психологиялық сұраныс білдіруші: 14 жастағы баланың анасы.

Проблеманың мәні: баланың дөрекі мінезі мен компьютерлік ойындарға баланың тәуелділігі.

Проблемамен жұмыс: Баланың анасының психологиялық сұранысына сәйкес психолог маман баланы назарға алып, онымен жұмыс бастады. Баламен әңгімелесу барысында келесі мәселелер анықталды. Бала анасының бәрін ойдан шығарғандығын айтты. Баланың айтуынша анасы онымен дұрыс тіл табыса алмайды, ашуға бой алдырып, ұрыса жөнеледі. Болған жайттың мән жайын толық түсініп жатпайды. Ол компьютерде өзінің достарымен бірге уақыт өткізетіндігін және оған анасы достарымен шынайы уақытта қыдыруға, киноға немесе басқада көңіл көтеретін орындарға баруына рұқсат етпейтіндігінде жеткізді.

Сынып жетекшінің бала туралы пікірі келесідей болды. Баланың сабақ үлгерімі 4 пен 5, спортпен айналысқанды ұнатпайды, сыныпта көп достары жоқ. Ол отбасында анасы екеуі ғана тұрады.

Проблеманы шешу:

1. Кейсте айтылған проблеманы визуалды тақта арқылы талдау тәсілін қолдану.



Сурет 2 – «Визуалды тақта» тәсілін тәжірибеде қолдануға арналған үлгі, стимулдық материал.

Визуалды тақтаны толтыру реттілігі:

1-кездесу: ата-анамен; Кездесу барысында визуалды тақтаның бірінші бөлігіне жағдаятқа қатысты ата-ананың пікірін, ойын анықтап, алынған ақпаратпен толықтыру. Жалпы орын алған жағдайға ата-ананың қатынасын жазу.

2-кездесу: баламен;

Кездесу барысында визуалды тақтаның екінші бөлігіне жағдаятқа қатысты баланың пікірін, ойын анықтап, алынған ақпаратпен толықтыру.

Жалпы орын алған жағдайға баланың қатынасын жазу.

3-кездесу: ата- анамен (немесе ата- анамен және баламен)- жасалған визуализация тақтасын көрсетіп және қағазда жазылған сөздердің маңыздылығын тексереміз.

Визуалды тақтадағы бір жағдайға қатысты ата-ананың ұстанымын, пікірін, осы жағдай бойынша баласының пікірімен таныса отырып, басқа қырларын сұрақтар қою арқылы байқауға қолдау көрсету.

4-кездесу: Жағдаятты талдау. Бір шешімге келу. Қажет болған жағдайда қосымша кездесулер циклін ұйымдастыру.

5. Коуч сессияларды өткізу жоспарын құру.

Коуч сессияларды өткізудің жоспар үлгісі:

Жағдаят	Коуч сессияларды өткізу жиілігі		
	1 ай	2 ай	3 ай
Ата- ана коучинг ке қатыспайды	бала аптасына 2 рет	бала аптасына 1 рет	бала аптасына 1рет

Ата- ана коучқа қатыса ды, біра қ өте сирек	бала аптасы на 2рет	ата- ана 2 аптада 1 рет	бала аптасы на 1рет	ата- ана айына 1рет	бала аптасы на 1рет	ата- ана айы на 1рет
Ата- ана белсенді қатыса ды	бала	ата- ана	бала	ата- ана	бала	ата- ана
	аптасы на 1рет	аптасы на 1рет	аптасы на 1рет	аптасы на 1рет	2 аптада 1 рет	2 апта да 1 рет

Жалпы кейсте берілген жағдай ата-ана мен бала қарым-қатынасы шеңберінде мәселеге бағытталған. Мәселені шешу үшін «визуалды тақта» тәсілі қолданылды, мәселені толықтай шешу үшін коуч-сессиялар өткізу жоспарланды. Әрине бұл осы проблеманы шешудің тек қана бір жолы, сіз тәжірибеде өзіңіздің мүмкіндігіңізбен шеберлігіңізге сәйкес басқаша шеуіңізге болады.

Кейс №2 «Баланың мазасыздығы»

Проблема/жағдай:

7кл. 12ж. Ер бала. Психолог маманға бала басының жиі ауыратындығын, түнде қорқынышты түсті жиі көретіндігін және сабақтарын үлгере алмай

жүргендігін айтып шағымданды. Бұл жағдайда не істеуге болатындығы туралы кеңес сұрап келіпті.

Жалпы баланың денсаулығы қалыпты. Толық отбасы, отбасындағы 4 баланың екіншісі.

Психологиялық сұраныс білдіруші: 7 сынып оқушысы.

Проблеманың мәні: бас ауруы мен мазасыз түс көру.

Проблемамен жұмыс: жағдайды анықтау үшін сұрақтар қойылды.

Сұрақтар қою арқылы мәсенің мәнін ашу үшін екі нұсқаны пайдалнуға болады:

Сұрақ қоюдың бірінші нұсқасы. Сұрақ тізбесінің үлгісі:

Бас ауруы қай уақыттан бері мазалайды?

Түсіңде не жайлы көресің?

Сабақтарыңды үлгермеуге қандай себептер бар?

Басың ауырғанда не істейсің?

Түсіңде болып жатқан жағдайлардың сенің шынайы өміріңе қатысы бар ма? Түсің мен өміріңдегі жағдайлар арасында қандай байаныс бар? Сипаттап айтып бере аласың ба?

Сұрақ қоюдың екінші нұсқасы.

Ол үшін проблеманың ішкі және сыртқы жағы анықталу жоспарланады. Жағдайдың ішкі және сыртқы жағын анықта келесі үлгі бойынша жүргізіледі.

Жағдайдың сыртқы жағы – бұл орын алған жағдайдың өзі.

Жағдайдың ішкі жағы – субъектінің болып жатқан жағдайға қатынасы және оны қабылдауы.

1-кесте. Кейсте берілген жағдайдың ішкі және сыртқы жағын анықтау

Жағдайдың сыртқы жағын анықтау сұрақтарының тізбесін әзірлеу	Жағдайдың ішкі жағын анықтау сұрақтарының тізбесін әзірлеу
Қойылатын сұрақтардың үлгісі: Кім? Не? Қашан? Қалай? Қанша уақыттан бері? Қалай болғанын қалап едіңіз?	Үлгілер: Сіз не сезіндіңіз? Бұл жағдайға басқалар өздерін қалай сезінді? Басқалар өздерін қалай сезінгенін қаладыңыз?

Проблеманы шешуде біз психологиялық кеңес берудегі Г.Абрамованың немесе

М.Битянованың кеңес берудің «бес қадамдық» моделін негізге алуға болады.

Галина Абрамова ұсынған кеңес берудің «бес қадамдық» моделі:

1-қадам. Психологиялық кеңес алушымен байланыс орнату, кеңес беруді құрылымдау, кеңес алушының назарын арадағы сұхбатқа аудару.

2-қадам. Кеңес алушы туралы ақпарат алу және проблеманың мән-мағынасын анықтау. Яғни кеңес алушының психологиялық кеңеске жүгінуіне себепші болған қиындықтардың мәні неде екендігін анықтап, қажетті мәлімет алу.

3-қадам. Психологиялық кеңеске жүгінудің мақсатын және күтілетін нәтижесін анықтау.

4-қадам. Баламалы шешімдер әзірлеу және шешім қабылдау. Психологиялық көмекке жүгінуші адам кеңес беруші психолог маманнан туындаған қиындықтан шығудың дайын шешімін алғысы келеді. Әрине, білікті психолог еш уақытта кеңес алушыға қандай шешім қабылдау қажеттігін айтып, шешім қабылдамайды. Бұл қадам кеңес алушының туындаған қиындығын маманмен бірге талқылап, өзі үшін оңтайлы және ұтымды шешім қабылдауына ықпал етеді.

5-қадам. Алдыңғы қадамдарды түйіндеп, нақты әрекетке көшу. Кеңес беру сессиясын аяқтап, қорытындылау.

М. Битянованың психологиялық кеңес берудің «бес қадамдық» моделі бойынша жұмыс ұйымдастыру:

1-кезеңде кеңес алушыда туындаған қиындықтар зерделенеді. Бұл кезеңде кеңес алушымен байланыс орнатылып, кеңес беруші психолог маман мен кеңес алушы арасында өзара келісім жасалады.

2-кезең. Кеңес алушы қиындықтарының екі өлшемді анықтамасы. Кеңес алушыдағы қиындықтардың мәнін ашу. Психолог маман мен кеңес алушы арасында қиындықтарға қатысты біржақты көзқарастың болуы және шешуді қажет ететін қиындықты бір ұғыммен, ықшам және нақты айқындап, онымен кеңес алушының келісуі.

3-кезең. Балама шешімдерді сәйкестендіру. Проблеманың ықтимал балама шешімдерін өзара бірлесе талқылап, нақты шешім қабылдау.

4-кезең. Жоспарлау. Кеңес алушының бұрынғы тәжірибесі тұрғысынан таңдалған шешімдерді салыстыру, талдау, сын тұрғысынан бағалау, оларды жүзеге асыруға іштей дайындық жасау

және жоспарын құру. Күтілетін нәтиженің мүмкін нұсқаларын болжау.

5-кезең. Әрекет ету кезеңі. Қабылданған шешімге және жоспарға сәйкес әрекет ету.

Кейс №3: «Педагог пен оқушы қатынасы».

Проблема /жағдай:

Дене шынықтыру сабағы. 6-сынып. Сабаққа дене шынықтыру мұғалімі келмей қалды. Оқушылар басқа сыныппен бірге сабаққа қатысатын болды. Күнделікті сабақ жүргізетін мұғалімнің жоғын көрген оқушылар жыбырлап, қозғалып ойнай бастады. Оны көрген мұғалім оқушыларға ескерту жасады. А есімді бала айтылған ескертуге бағынбығысы келмеді.

Оқушы: Бізде ойнағымыз келеді, дене шынықтыруда ойнамағанда не істейміз?

Педагог: басқа оқушыларға кедергі келтіріп жатырсыңдар, тыныш тұрыңдар.

Оқушы: Мен тыныш тұра алмаймын. Менде ойнағым келеді. Сіз не үшін тиым саласыз?

Педагог: Енді сөз қайтарсаң директорға апарамын.

Оқушы: Апара беріңіз, маған бөрібір.

Оқушы мен мұғалімнің арасында қақтығыс туындап, оқушы мұғалімге қатты сөздер айтты.

Сабақ соңында А есімді оқушыны директорға айтты. Оқушы мұғаліммен әрі қарайғы ерегесін жалғастырды.

Директор: егер, мұғалімнен кешірім сұрамасаң, ата-анаңа хабарласып, саған айыппұл салғызмын, болмаса полиция шақырып сені 2-3 күнге қаматамын.

Проблема осылайша өрбіді. Директор мектеп психологін шақырып, баламен жұмыс істеуді тапсырды.

Психологиялық сұраныс: мектеп директоры тарапынан баламен жұмыс істеуге деген тапсырыс.

Проблеманың мәні: пән мұғаліміне оқушының бағынбауы.

Проблемамен жұмыс:

Баланың мінез-құлқын түсінуге бағыттталып, оқушының өзін-өзі ұстауымен жұмыс жасау жоспарланады.

Шешу жолы ретінде «Шешім ағашы» жаттығуы қолданылды.

«Шешім ағашы» жаттығуы.

Адам өмірінде көптеген қиындықтар, шешілмей тұрған проблемалар кездесіп жатады. Осындай проблемаларды шешуде «Шешім ағашы» жаттығуының орны ерекше деуге болады. Көпшілік жағдайда проблеманы шешуде адам проблеманың

мәнін де ашып алмай жататын кездері де бар. Бұл проблеманың тезірек шешілуінде өзіндік қиындықтар келтіреді. Әр проблеманың шешімінің мақсаты – бірнеше балама нұсқалардың ішінен қолайлы нұсқасын таңдап, оны жүзеге асыру.

«Шешім ағашы» жаттығуының мақсаты проблемадан шығатын жол іздеу және шешім қабылдау процесін жетілдіру.

Жаттығу психологиялық кеңеске жүгінуші клиентке проблемадағы қарама-қайшылықтарды анықтап, оны шешу мүмкіндіктерін көруді үйренуіне ықпал етеді. Проблеманы тиімді шешудің алгоритмін және оны шешу жолдарын іздеу, жана мүмкіндіктерді бағалауды меңгереді.

«Шешім ағашы» жаттығуы бас миының маңдай бөлігінің қызметін белсендіруге бағытталған. Бас миының маңдай бөлігі – жүйке жүйесінің қызметіне жауап беретін, өзекті мәселелерді шешуге, шешім қабылдауға, дербестілікке, қозғалысқа, сөйлеуге бағытталған ойлау белсенділігін реттейтін орталық жүйке жүйесінің алдыңғы бөлігі. Бас миының маңдай бөлігі зақымданса, онда проблемалар мен алға қойылған міндеттерді шешуге ойлау қызметі бұзылады. Сонымен қатар шындықты қабылдау бұзылып, қызба мінез-құлық пайда болады. Өз

әрекеттерін алдын ала жоспарламай, кенеттен әрекет етеді, мәселені ой елегінен өткізіп таразыламайды, оның жағымды және жағымсыз салдарын жете бағамдамайды.

Кез келген мәселеде шешім қабылдау процесі әркелкі жүреді, мысалы бір адамдар үшін ойына келген бойда жедел әрекет ету қажет болса, кейбірлері жеті рет өлшеп бір рет кес деген ұстанымға сай әрекет етеді. Сондықтанда шешім қабылдау әр адамның тұлғалық ерекшелігіне сай әр түрлі уақытты қажет етеді.

«Шешім ағашы» жаттығуын жүргізудің бірнеше қадамдары бар:

- 1-қадам – проблеманы немесе жағдаятты анықтау;
- 2-қадам – проблемадан шығу қадамдары мен жолдарының барлық мүмкіндіктерін анықтау;
- 3-қадам – проблемадан шығудың барлық балама жолдарының барлық ықтимал салдарын жазу;
- 4-қадам – адамның құндылығын және күшті жақтарын анықтау;
- 5-қадам – айналасындағыларға, оның ішінде алыс және жақын жандарына тигізетін салдарын анықтау;
- 6-қадам – өзіне және басқаларға мейілінше қолайлы болатын проблемадан шығудың балама жолын таңдау;

7-қадам – шешім қабылдау;

8-қадам – шешімді жүзеге асыру;

9-қадам – кері байланыс, яғни қалаған нәтиже қаншалықты жүзеге асқандығын бағамдау, күткен нәтиженің көңілден шыққанын анықтау.

Қорытындылай келе, «Шешім ағашы» жаттығуы психологиялық кеңес беруде, таңдау жасауды қажет ететін кез келген жағдаяттарда, дағдарыстық жағдаяттарда, түрлі негативті эмоционалдық күйлермен психологиялық жұмыс жүргізуде қолдануға болады.

Кейс 4 «Қорқыныш,мазасыздық»

Проблема/жағдай:

Н-есімді оқушы, біздің мектебімізге жаңадан келген,4 -сыныптың ортасында. Ол біздің мектебімізге келмес бұрын Ақтөбе қаласында оқыған сол қалдан Ақтау қаласына ауысып келген, ең бастысы Н-есімді оқушымен сөйлесе келе, менде бәрі жақсы, бірақта осы сабағымды дұрыс оқи алмаймын, қанша оқысамда түсінбеймін дейді.сыныптастарымен де қарым-қатынасы әлсіз, өзін олармен тең санамайды. Жауап бергенде қолдары дірілдеп, айтқанын ұмытып қалады. Анасының айтуы бойынша. бұрын оқыған мектебінен бастап солай болған екен, бұрынғы

мектебіне барғысы келмейтінін, мектептен үйге көңілсіз оралатындығын байқаған. Мұғалім туралы сөз қозғалса мазасызданады, ол туралы естігісі келмейтінін сезеді. Баласымен үйде еркін сөйлесетінін, бірақта мектеп туралы ашылып ештеме айтқысы келмейтінін анасы баяндаған.

Мәлімет: Оқушының толық отбасында тәрбиеленеді. Отбасының әлеуметтік жағдайы мен ата-анасымен қарым-қатынасы жақсы. Өзінің жасы 9 – те , Оқушының сабақ үлгерімі мұғалімінің айтуы бойынша үлгерімі төмен. Мінезі тұйық, ашылып сөйлемейді. Оқушы сыныпта тек қана 2-3 баламен араласады.

Проблемалық сұраныс: Ата-анасынан түсті

Проблеманың мәні: Баланың жиі мазасыздығы

Проблемамен жұмыс: баламен жеке жұмыс жасай отырып, мәнін ашу

Шешу жолы ретінде «Мандала» техникасы ұсыналады

Мандала техникасы-тұлғаның ішкі ресурстарын жетілдіру тәсілі.

«Мандала» сөзінің аудармасы – щеңбер, диск деген мағынаны білдіреді. Карл Юнгтің мандала бұл адамның ішкі сезімі іспеттес деген пікірін білдіріп, адамың ішкі үйлесімін, ішкі қайшылықтарын қалпына келтіруде кеңінен

қолдануға болатын құрал ретінде қарастырады. Жалпы психологияда мандала арт-терапияның бір әдісі, техникасы ретінде қарастырылады. Мандала бұл – адамның өзін-өзі дамыту мен жетілдіруінде қолдануға болатын әмбебап техника. Ең бастысы «мандала» техникасын адам психологтың көмегінсіз орындауға болатын психотерапиялық әсері бар техника. Мандала (ғылыми аталуы гексография) түсінігін алғаш рет психологияға енгізген Карл Юнг Густав болатын. Өткен ғасырдың 80 – ші жылдары Станислав Гроф және Джоанна Келлог адамдардың психикалық күйлерін зерттеуде қолдана бастады. Мандала қазіргі кезеңде ересектер мен балалардың бейсана деңгейіндегі психикалық ерекшеліктерін ашуға мүмкіндік беретін құрал ретінде қолданылып келеді. Қорыта келгенде мандала бұл адамның ішкі рухани дүниесінің кілті деуге де болады.

Мандала техникасы бойынша шеңбер салынып, шеңбер ішінде түрлі бейнелерді салуға болады. Шеңбердің диаметрі де маңызды, сол себепті де диаметрі шамамен 28-29 см болуы тиіс. Мандала техникасы бойынша жұмыс жасауда алдыңыздағы психологиялық көмекке келген адамға өзбетінше шеңбер салып, өз мандаласын құрастыруды немесе дайын мандалаларды ұсынып,

оны боятуға болады. Мандаланы бояуда түрлі түсті қарындаштар, сулы бояу түрлерін пайдалануға бо. Біз бүгін сабақ барысында дайын мандалалармен жұмыс жасауды ұсынамыз. Мандалаларды боятуда немесе оны салғызуда міндетті түрде оның арнайы мақсаты болуы керек. Мысалы «Мен», немесе «Менің бақытым», «Мен және қоршаған орта үйлесімі», «Менің шабытым», «Менің талантым» және т.б. атауға болады, яғни сол сәттегі маңызды бағытты таңдауға болады.

Кейс№5 «Тұйықталған бала»

Проблема/ жағдай: »

Сұранысты кім берді: Сынып жетекшісі К. есімді ұл бала 10 жаста, 5 «а» -сыныпта оқиды. Балаға психологиялық көмек көрсету туралы сұраныс сынып жетекшісі тарапынан түсті. Сынып жетекшісі К. есімді ұл балаға шұғыл психологиялық көмек қажет екендігін хабарлады. К. есімді ұл бала өзінің жеңгесінен жәбір көрген. К. есімді ұл баланың айтуынша оңғы кездері баланың жеңгесі сабағын оқытпай, жұмысқа салып, ұрып-соғады. Кейінгі уақыттарда мектепке келгенде денесінде көгерген соққының іздері жиілеп кеткендігін айтты. Сынып жетекшісінің айтуы бойынша К. есімді ұл бала сыныптан оқшауланып, басқалармен мүлдем сөйлеспейтіндігін, оның

эмоциялық күйі тым жайсыз көрінетіндігін және оның бір бәлеге ұшырап қалуы ықтимал екендігін айтып шағымданды.

К. есімді ұл бала туралы жалпы мәлімет:

К. есімді ұл бала ұлты шешен. Тілі нашар, бірақ қазақ мектебіне ауысып келгендіктен қазақ тілінде оқиды. Сабақ үлгерімі орташа. Сабаққа қызығушылығы жоқ. К. есімді ұл бала қазіргі уақытта анасының туған ағасы мен жеңгесінің қолында тұрады. Оқыс жағдай орын алып анасы өзінің күйеуін пышақтап өлтіргеніне байланысты түрмеге жабылған. К. есімді ұл баланың өзінен кіші бір бауыры бар. Ол апасының қолында тәрбиеленіп жатыр. К. есімді ұл бала өзін үнемі көңілсіз, анасынан басқаларға өзін керексіз сезінеді. Анасын сағынады, анасының мерзімін өтеп келген күнін асыға күтеді. Аға-жеңгесі ішімдік ішкенді ұнатады. К. есімді ұл баланың айтуынша жеңгесі өзінің туған кішкентай баласын қаратып қояды. Кішкентай баланы байқаусызда жылатып алса оны кінәлап отыратындығын, оны ұрып-соғып жіберетінін айтты. К. есімді ұл бала өмірдің оған қатал екенін, анасының тезірек келуін , анасымен бірге тұруын асыға күтуде.

II. Проблеманы шешу.

Бұл жағдайда психологиялық көмек көрсету реттілігі қандай болды?

1. Құрылымдалған бақылауға жасау
2. Диагностикалық зерттеу жүргізу
3. Тест, әдістемелер, тренинг-жаттығулар, АРТ терапия жүргізуге болады
4. Жекелей әңгімелер жүргізілу

